

«Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ
Директорлар Кеңесімен
БЕКІТІЛДІ

2023 жылдың «29» қыркүйегіндегі №33 хаттама



И-32

ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУДЫҢ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ «КОММЕСК-ӨМІР» ӨСК» АҚ

	Лауазым, бөлімше	Т.А.Ә.	Қолтаңбасы	Күні
Келісілді	Басқарма Төрағасы	Ханин О.А.		11.09.2023
Келісілді	Басқарма Төрағасының қаржы бойынша орынбасары	Тиесова А.М		11.09.2023
Келісілді	Заң департаментінің директоры	Булгакбаева З.Д.		11.09.2023
Өзірлеген	Комплаенс-бақылау қызметінің Басшысы	Сейтакын А.Б.		11.09.2023

	И-32 Инсайдерлік ақпаратты басқарудың және пайдаланудың ішкі бақылау ережелері	№33 басылым. Енгізу күні: 29.09.2023ж.	7 беттен 2 бет
		01.06.2023 жылғы №5 басылым орнына.	

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Коммеск-Өмір» ӨСК» АҚ инсайдерлік ақпаратын басқарудың және пайдаланудың ішкі бақылау ережелері (әрі қарай - Ережелер) Қазақстан Республикасының «Құнды қағаздар нарығы туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, сонымен қатар «Коммеск-Өмір» ӨСК» АҚ (әрі қарай – Компания) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген.
- 1.2. Осы Ережелермен келесілер бекітіледі:
 - 1) инсайдерлікке қатысты ақпараттар тізімі;
 - 2) инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету тәртібі мен мерзімдері;
 - 3) инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік құқықтарына шектеуді жоюға және мұндай ақпаратты инсайдерлердің заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеуге арналған ішкі бақылау құқықтары;
 - 4) инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалар тізімін жүргізу, оларды өзекті күйінде сақтау тәртібі, сонымен қатар оларды тізімнен шығару тәртібі;
 - 5) Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғаларды тізімге енгізген (шығарған) жағдайда оларды хабардар ету тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ аталған тұлғаларды инсайдерлік ақпаратты басқару және пайдалану бөлігінде заңнаманың және осы Ережелердің талаптары туралы ақпараттандыру;
 - 6) Осы Ережелердің 7 тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында және 7) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғалардың Компанияның ақпаратын, өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттемелеріне байланысты Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар қызметкерлер туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімдері;
 - 7) Компанияның инсайдерлік ақпаратты басқару және пайдалану үшін бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өзге ережелер.
- 1.3. Осы Ережемен реттелмейтін мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және/немесе Компанияның ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі
- 1.4. Осы Ереже талаптарының сақталуына Компанияның Комплаенс-бақылау қызметінің Басшысы жауапты болып табылады.
- 1.5. Инсайдерлік ақпаратты басқару және пайдалану бөлігіндегі ережелер мемлекеттік және орыс тілдерінде Компанияның ғаламтор-ресурсында жарияланады, сондай-ақ бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі - қаржылық есептілік депозитарийі) интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының интернет-ресурсында (эмитенттің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) осы қор биржасының тізіміне енгізілген және болған жағдайда) орналастырады, сонымен қатар эмитент мүдделі тұлғалардың сұратуы бойынша ішкі бақылау қағидаларының көшірмелеріне оны дайындауға шығындардың шегінен аспайтын мөлшерде төлем жасауды қоспағанда, ақысыз ұсынады.

2. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТ

- 2.1. Инсайдерлік ақпарат - қызметті жүзеге асыратын, коммерциялық құпиядан тұратын құнды қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен жасалған келісімдер туралы сенімді ақпарат, сондай-ақ ашып көрсетілуі құнды қағаздар құнының өзгеруіне (туынды қаржы құралдарының) және Компанияның қызметіне әсер етуі мүмкін болған, үшінші тарапқа белгісіз өзге де ақпарат.
- 2.2. Инсайдерлік ақпаратқа жатпайтындар:
 - 1) зерттеулерді, болжамдарды және құнды қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына қатысты бағалауларды, инвестициялық шешімдерді және (немесе) құнды қағаздарға (туынды қаржы құралдарына) жүргізілетін операцияларды жүзеге асыру туралы кепілдемелерді немесе ұсыныстарды дайындау мақсатында жүргізілген Компанияның мүліктік жағдайын қамтитын, жалпыға қолжетімді мәліметтердің негізінде дайындалған ақпарат;
 - 2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;
 - 3) дереккөзі белгісіз болып табылатын, тұлғалардың кең шеңбері арасында таратылатын расталмаған ақпарат, сонымен қатар Компанияның ағымдағы немесе жоспарланған қызметі жайындағы болжамдар.

3. ИНСАЙДЕРЛЕР ЖӘНЕ ИНСАЙДЕРЛЕР ТІЗІМІ

- 3.1. Инсайдер - инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлға. Компанияның инсайдерлері болып келесі тұлғалар танылады:

kommesk	И-32 Инсайдерлік ақпаратты басқарудың және пайдаланудың ішкі бақылау ережелері	№33 басылым. Енгізу күні: 29.09.2023ж.	7 беттен 3 бет
		01.06.2023 жылғы №5 басылым орнына.	

- 1) өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттемелеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар Компания қызметкерлері;
 - 2) Компанияның дауыс берілетін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесімен) 10 немесе одан астам пайызын тікелей немесе жанама иемденуіне, пайдалануына және (немесе) басқаруына байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие тұлғалар;
 - 3) аудиторлық ұйым, бағалаушы, құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және шарттарында инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету қарастырылған бекітілген келісімшартқа (оның ішінде жарғылық) сәйкес Компанияға қызмет көрсететін өзге тұлғалар;
 - 4) тізіміне Компанияда шығарылған құнды қағаздар (туынды қаржы құралдары) кірістірілген сауда-саттық ұйымдастырушысы;
 - 5) сауда жүйесінде Компанияның құнды қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен келісім жасалынатын қор биржасының, қор биржасының листингтік комиссиясының директорлар кеңесінің мүшелері;
 - 6) Уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның мекемесінің жұмыскерлері, өздеріне берілген атқарымдар мен құзыреттіліктерге байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар мемлекеттік қызметкерлер;
 - 7) инсайдерлік ақпаратқа оларға берілген өкілеттіліктерге байланысты қолжетімділіктері бар, Компания мен Ережелердің 3.1 т. 2)-4 т.т. көрсетілген қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдардың мүшелері болып табылатын ұйымдар;
 - 8) Ережелердің 3.1. т. 2)-4) т.т. және 7) т.т. көрсетілген ұйымдардың өздерінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділіктері бар қызметкерлері;
 - 9) Ережелердің 3.1. т. 1)-8) т.т. көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпаратты алған тұлғалар.
- 3.2. Компания Компанияның инсайдерлік ақпаратын және ол шығарған құнды қағаздарды, оның ішінде Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалар тізімін жүргізу және өзекті күйде ұстап тұру арқылы бақылау мен пайдалану үшін бақылауды қамтамасыз етуге міндетті. Инсайдерлер тізімі - Жүргізілуі Компаниямен жүзеге асырылатын Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар ережелердің 3.1-тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар тізімі.
- 3.3. Компания инсайдерлерінің тізіміне Ережелердің 3.1-тармағының 2)-4) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан бөлек өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттемелеріне орай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар Компанияның келесі қызметкерлері кіреді:
- 1) Төраға және Компанияның директорлар Кеңесінің мүшелері;
 - 2) Төраға және Компания Басқармасының мүшелері;
 - 3) Басқарма құрамына кірмейтін басқарушы директорлар және Компанияның Бас бухгалтері;
 - 4) заңнамаға сәйкес Компанияның өзге басқарушы қызметкерлері және Компания филиалдарының директорлары;
 - 5) Компанияның бөлімшелерінің басшыларын қоса алғанда келесі құрылымдық бөлімдерінің басшылары: Әдіснама департаменті, Операциялық департамент, КАТЖ департаменті, Технологиялық департамент, Сақтандыру төлемдер департаменті, Ақпараттық қауіпсіздік қызметі, HR – департаменті және сатушы құрылымдық бөлімшелер;
 - 6) келесілер үшін жауапты құрылымдық бөлімше қызметкерлері:
 - a) қаржы есебін құрастыру (Орталық бухгалтерия, Қаржы департаменті);
 - b) корпоративтік басқару (Заң департаменті, Қаржы департаменті, Корпоративтік хатшы);
 - c) комплаенс-бақылау (Заң департаменті, Комплаенс-бақылау қызметі);
 - d) қауіптерді талдау және бағалау, сақтандыру қорларын есептеу (Андеррайтинг және қайта сақтандыру департаменті, Қауіптерді басқару бойынша қызметі, актуарий);
 - e) Ішкі аудит қызметі.

4. ИНСАЙДЕРЛЕР ТІЗІМІН ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ИНСАЙДЕРЛЕР ТІЗІМІНЕ ҚОСЫЛҒАН/ШЫҒАРЫЛҒАН ТҮЛҒАЛАРДЫ ХАБАРЛАНДЫРУ ТӘРТІБІ

- 4.1. Инсайдерлер тізімін уақытылы өзектендіру мақсатында Комплаенс-бақылау қызметінің жұмыскерлері бір тоқсанда кем дегенде бір рет Компания қызметкерлері инсайдерлер болып мойындала алатын немесе табылатын жоба күйлерін өзгерту туралы ережелердің 3.3-тармағы 6) тармақшасында көрсетілген Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына сұраным жіберу арқылы инсайдерлер тізімін жаңғыртады.
- 4.2. Тұлғаларды Инсайдерлер тізіміне қосу/шығару және инсайдерлерге қатысты орнатылған рәсімдерді қадағалау мақсатында, тиісті бөлімше басшысы, инсайдерлік ақпаратқа уақытша қолжетімділігі бар

kommesk	И-32 Инсайдерлік ақпаратты басқарудың және пайдаланудың ішкі бақылау ережелері	№33 басылым. Енгізу күні: 29.09.2023ж.	7 беттен 4 бет
		01.06.2023 жылғы №5 басылым орнына.	

қызметкерлер, сондай-ақ ережелердің 3.1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тұлғалармен азаматтық-құқықтық қатынастарды орнатуға жауапты бөлімше басшысы аталмыш тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті ұсынуға/ инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік құқығын жоюға дейін 5 (бес) жұмыс күн ішінде оларды инсайдерлер тізіміне қосу/инсайдерлер тізімінен шығару қажеттілігі туралы тиісті негіздемемен Компаенс-бақылау қызметінің Басшысына қызметтік хат жолдайды.

- 4.3. Ережелердің 4.2-тармағында көрсетілген тұлғаларды Инсайдерлер тізіміне қосу/шығару қажеттілігі туралы шешімді Компаенс-бақылау қызметінің Басшысы қабылдайды.
- 4.4. Компания Инсайдерлер тізіміне қосылған немесе одан шығарылған тұлғаларды инсайдерлік ақпаратты иемденудің құқықтық салдары туралы және инсайдерлік ақпаратты пайдалану мен басқару бойынша заң талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік туралы Инсайдерлер тізіміне қосуға немесе одан шығаруға дейін, Ережелердің 1-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша құрастырылған хабарлама жіберу арқылы, тұлғаның хабарламаны алу фактісін растауға мүмкіндік беретін әдіспен 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын хабардар етеді. Осы Ережелердің 3.3-тармағында көрсетілген тұлғалар, оларды инсайдерлер тізіміне қосқаннан кейін, Ережелердің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құрастырылған міндеттеме-хатты ұсынады. Міндеттеме-хаттар Компания қызметкерлерінің жеке істерінде сақталады.
- 4.5. Инсайдерлер тізімі құзыретті органға - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, оның талап етуі бойынша, талапта көрсетілген мерзімдерде, келесілер туралы ақпаратты қоса, Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалар туралы ақпаратты көрсетумен ұсынылады:
 - 1) тектері, аттары, бар болса - тұлғаның әкесінің аты, туылған күні;
 - 2) заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) растайтын құжат деректемелері;
 - 3) Тұлғаны инсайдерлер тізіміне қосу негіздемесі (тұлғаны инсайдер ретінде анықтаған заң актісінің бабына сілтеме);
 - 4) инсайдерлер тізіміне қосуға арналған негіздеме туындаған күн;
 - 5) инсайдерлер тізімінен шығарылған күн (инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік жойылған күн).
 - 6) Инсайдерлер тізімі де инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік (тұрақты немесе уақытша) сипаты туралы және инсайдерге хабарлама жіберу және Компанияның инсайдер қол қойған инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы міндеттеме-хатты алғаны туралы белгі жайлы ақпаратты қамтиды.
- 4.6. Компанияның инсайдерлер тізімінен шығару негізі:
 - 1) Еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт негізінде немесе сол шартты орындау үшін Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік берілген тұлғамен сол шартты бұзу (өзгерту). Инсайдерлер тізімінен шығаруға негіз болатын сәт шарт бұзылған (өзгертілген) күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін басталады.
 - 2) Компанияның инсайдерлер тізіміне тұлғаны қате (заңсыз) енгізуі. Компания тұлғаның инсайдерлер тізіміне қате (заңсыз) енгізілгені туралы білгені немесе білуге тиіс күн негіз болатын сәт болып табылады.
 - 3) Компанияның инсайдерлер тізімінен шығарудың өзге де негіздері.
- 4.7. Компания инсайдерлер тізімін құру/соңғы жаңғырту сәтінен бастап 5 (бес) жыл бойы сақтайды.

5. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

- 5.1. Компанияның қызметінде оның құнды қағаздарын ұстаушылардың қызығушылықтарын қозғайтын өзгерістер туралы инсайдерлік ақпарат, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп туралы заңына сәйкес анықталған қаржылық есеп депозиториінің ғаламтор-ресурсында жарияланады, және мұндай өзгерістер туындаған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.
- 5.2. Компанияның корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат қаржылық есеп депозиториінің ғаламтор-ресурсында ол туындаған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жарияланады.
- 5.3. Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы туралы ақпарат акционерлерге Компания корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша сәйкес сот ескертпесін (шақыртуын) алған күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс.
- 5.4. Қаржылық есепке қатысты инсайдерлік ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасымен, оның ішінде құзыретті органның нормативтік құқықтық актілерімен анықталған тәртіпте және мерзімдерде ашылады.

kommesk	И-32 Инсайдерлік ақпаратты басқарудың және пайдаланудың ішкі бақылау ережелері	№33 басылым. Енгізу күні: 29.09.2023ж.	7 беттен 5 бет
		01.06.2023 жылғы №5 басылым орнына.	

- 5.5. Инсайдерлік ақпаратты ашу оны ғаламтор-ресурста жариялау және (немесе) Компания жарғысында анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы жүзеге асырылады.
- 5.6. Компанияның құнды қағаздарын сауда-саттық ұйымдастырушыларының тізіміне қосу барысында Компания және Инсайдерлер тізіміне қосылған тұлғалар Компания туралы және ашып көрсетілуі олардың құнының өзгеруіне және Компанияның қызметіне әсер ететін ол шығарған құнды қағаздар туралы инсайдерлік ақпаратты сауда-саттық ұйымдастырушылары бекіткен ережелердің тәртібінде және шарттарында берілген құнды қағаздарды саудалау басталғанға дейін ашуды қамтамасыз етеді.
- 5.7. Сауда-саттық ұйымдастырушысының тізіміне қосылған құнды қағаздарды пайдалану барысында шетел мемлекеттер аумағында қызмет ететін қор биржаларының сауда жүйелерінде инсайдерлік ақпарат келесі тәсілдердің бірімен ашылып көрсетілуі тиіс:
 - 1) тұлғалардың кең шеңбері арасындағы инсайдерлік ақпаратты ашып көрсетуді көздейтін хабарламалар, тізімдеріне Компанияның құнды қағаздары қосылған барлық қор биржаларына бір уақытта жіберіледі, содан кейін тізімі Компанияның Жарғысымен анықталған өзге бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады (таралады);
 - 2) тұлғалардың кең шеңбері арасындағы инсайдерлік ақпаратты ашып көрсетуді көздейтін хабарламалар Қазақстан Республикасының аумағында қызмет ететін қор биржасының мекенжайына жіберіледі, содан кейін тізімдеріне Компанияның құнды қағаздары қосылған шетел мемлекеттерінің аумақтарында қызмет ететін қор биржаларының мекенжайына жіберіледі және тізімі Компанияның Жарғысымен анықталған өзге бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.
- 5.8. Инсайдерлік ақпаратты Компанияның Жарғысында белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарының бірінде алғашқы орналастыру (жариялау) күні инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету күні болып саналады.

6. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТТЫҢ ПАЙДАЛАНЫЛУЫН БАҚЫЛАУ

- 6.1. Тыйым салынады:
 - 1) құнды қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) келісім жасау барысында инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;
 - 2) инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасының заңында қарастырылған жағдайлардан бөлек, үшінші тарапқа беру немесе үшінші тарапқа қолжетімді етуге;
 - 3) үшінші тарапқа инсайдерлік ақпаратқа негізделген құнды қағаздармен келісімдер жасау туралы ұсыныстарды беруге.
- 6.2. Инсайдерлер тізіміне қосылған тұлғалар қажетті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етуге, соның ішінде мұндай ақпарат өздерінің қызметтік міндеттемелерін орындау үшін қажет болмайтын Компания қызметкерлері тарапынан мұндай ақпаратқа қолжетімділікті шектеу үшін құпиялылық режимін сақтауға міндетті.
- 6.3. Инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашып көрсету қауіпі немесе фактісі анықталған, не болмаса инсайдерлік ақпаратты қамтитын құжаттар (өзге ақпарат тасымалдаушылары) жоғалған жағдайда, Компанияның қызметкері өзінің тікелей басшысын шұғыл түрде хабардар етіп, ол өз кезегінде, бұл туралы Компанияның Комплаенс-бақылау қызметінің жұмыскерлерін және бөлімшеге жеткешілік ететін Басқарма мүшесін ақпараттандыруы тиіс.
- 6.4. Функционалдық міндеттемелері инсайдерлік ақпаратты пайдаланумен байланысты болатын тұлғалар үшін Комплаенс-бақылау қызметінің жұмыскері инсайдерлік ақпараттың қорғалуын және таралмауын қамтамасыз ету қажеттілігін түсіндіру, инсайдерлік ақпаратты жарияламау бойынша міндеттерді және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапқа тарту шараларын түсіндіру мақсатын көздеуі тиіс болатын түсіндіру және кеңес беру жұмысын жүргізеді.

7. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТТЫ ЗАҢСЫЗ ПАЙДАЛАНҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

- 7.1. Осы ережелерде қарастырылған шектеулерді қадағаламау, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану және тарату жағдайында мұндай бұзушылықтар жасаған тұлғалар тәртіптік, әкімшілік және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жауапкершілікке тартылады.
- 7.2. Осы ережелер оларды Компания директорларының Кеңесі растаған күннен бастап өз күшіне енеді.

kommesk	И-32 Инсайдерлік ақпаратты басқарудың және пайдаланудың ішкі бақылау ережелері	№33 басылым. Енгізу күні: 29.09.2023ж.	7 беттен 6 бет
		01.06.2023 жылғы №5 басылым орнына.	

1-қосымша

«__» _____ 20__ ж.
Шығ. № _____

құпия

Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғаларды тізімге қосу туралы хабарлама

Сіздің инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігіңіз бар болғандықтан, Компанияның инсайдерлік ақпаратты реттеу бойынша саясатына сәйкес, Сіз «Коммеск-Өмір» ӨСК» АҚ (әрі қарай - Компания) құрастырған инсайдерлер тізіміне қосылатын боласыз. Инсайдерлер тізімінде Сіз алғаш рет инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие болған күн, инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік жойылған күн, сондай-ақ Сізді инсайдерлер тізіміне қосу себебі көрсетілетін болады.

Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігіңіз жойылғанда Сіз Компанияның инсайдерлер тізімінен шығарыласыз, бұл туралы тиісті тізімде белгі қойылады.

Инсайдерлік ақпарат - Компанияның /эмитенттің құнды қағаздар туралы, сондай-ақ Компания/эмитент туралы және ол жүзеге асыратын қызмет туралы үшінші тарапқа белгісіз, ашып көрсетілуі Компанияның/эмитенттің құнды қағаздарының құнына біршама әсер етуі мүмкін кез келген ақпарат.

Компания инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті алған тұлғаларды мұндай ақпаратты иемденудің құқықтық салдарымен, соның ішінде инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану немесе тарату ықпалшаралармен таныстыру бойынша қажетті шараларды қолға алуға міндетті.

Инсайдерлік ақпаратты пайдалануға қойылатын шектеулер

Тыйым салынады:

- 1) инсайдерлік ақпаратты өз мүдделері немесе үшінші тараптың мүдделері пайдасына қолданып отырып, құнды қағаздармен мәмілілер жасасуға;
- 2) инсайдерлік ақпаратты немесе оған негізделген ақпаратты үшінші тарапқа беруге немесе олар үшін қолжетімді етуге;
- 3) үшінші тарапқа инсайдерлік ақпаратқа негізделген құнды қағаздармен мәмілілер жасау туралы ұсыныстарды беруге.

Құпиялылықты сақтау туралы міндеттеме

Сіз ие болған немесе болашақта ие болатын инсайдерлік ақпарат қатаң құпия болып табылады және үшінші тарапқа жариялануға жатпайды. Сіз инсайдерлік ақпаратқа құзыретті емес тұлғаларды жібермеу бойынша барлық қолжетімді тиімді шараларды қолдану қажетсіз.

Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік

Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланудың және таратудың жоғарыда көрсетілген шектеулерін қадағаламаған жағдайда Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген азаматтық-құқықтық, әкімшілік жауапкершілікке тартылуыңыз мүмкін. Осы хатты қабылдап танысу арқылы Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасында инсайдерлерге қатысты белгіленген жоғарыда көрсетілген шектеулерді, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы жоғарыда көрсетілген міндеттемелерді қабылдайтыныңызды және инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы жоғарыда көрсетілген ықпалшаралармен танысқаныңызды растайсыз.

(Басқарма Төрағасы, қолтаңба)

kommesk	И-32 Инсайдерлік ақпаратты басқарудың және пайдаланудың ішкі бақылау ережелері	№33 басылым. Енгізу күні: 29.09.2023ж.	7 беттен 7 бет
		01.06.2023 жылғы №5 басылым орнына.	

2-қосымша

«Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ
Директорлар Кеңесінің
Төрағасына
(инсайдер болып Директорлар Кеңесінің
Төрағасы табылған жағдайда
хат Басқарма Төрағасына жолданады)
кімнен _____
(лауазым атауы)

ТАӨ

Инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы міндеттеме-хат

Мен, *ТАӨ, лауазым атауы*, Қазақстан Республикасының «Құнды қағаздар нарығы туралы» Заңына, «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ (әрі қарай - Ережелер) инсайдерлік ақпаратын басқарудың және пайдаланудың ішкі бақылау ережелеріне сәйкес «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ (әрі қарай - Компания) инсайдері болып табыламын және инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке иемін.

Компаниямен еңбек (қызметтік) қатынастары кезеңінде және ол аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл ішінде келесілерге міндеттелемін:

- 1) инсайдерлік ақпаратты өз мүдделерімнің немесе үшінші тараптың мүдделерінің пайдасына қолданып, құнды қағаздармен мәмілілер жасамауға;
- 2) инсайдерлік ақпаратты немесе оған негізделген ақпаратты үшінші тарапқа бермеу немесе олар үшін қолжетімді етпеуге;
- 3) үшінші тарапқа инсайдерлік ақпаратқа негізделген құнды қағаздармен мәмілілер жасау туралы ұсыныстарды бермеуге.

Мен иемденген немесе болашақта иемденетін инсайдерлік ақпараттың қатаң құпия болып табылатынынан және үшінші тарапқа жарияланбауы тиіс екенінен хабардармын. Мен инсайдерлік ақпаратқа құзыретті емес тұлғаларды жібермеу бойынша барлық қолжетімді тиімді шараларды қолдануым тиіс.

Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланудың және таратудың жоғарыда көрсетілген шектеулерін қадағаламау, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған азаматтық-құқықтық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікке тартылуға алып келуі мүмкін екендігі маған белгілі.

Осы хатты қабылдап танысу арқылы Мен Қазақстан Республикасының заңнамасында инсайдерлерге қатысты бекітілген жоғарыда көрсетілген шектеулерді, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы жоғарыда көрсетілген міндеттемелерді қабылдайтынымды және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану және тарату ықпалшараларымен танысқанымды растаймын.

Лауазымы

қолтаңбасы
Күні

Пронумеровано и прошнуровано

на 7 листах

Ф.И.О. Васурова И.В.

Подпись

Дата: 19.09.2023

